

# Салтанатты түрде сертификатқа ие болды

Былтырғы жыл толағай табыстарға толы жыл болды. Тілдерді оқыту орталығында қазақ тілі курсында 7 топ, 124 тыңдаушы болса, қазақ тілі мен ағылшын тілін оқитын 214 тыңдаушы, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер – 58 болды. Желтоқсан айында қазақ тілінен орта деңгей В1, І-тобынан - 17, «УК-161/12» мекеме қызметкелері В1, ІІ-тобынан – 20 және ағылшын тілінен – 4 тыңдаушы, барлығы - 41 тыңдаушы қорытынды емтихан тапсырып, салтанатты түрде сертификаттарға ие болды. Соның ішінде 31 тыңдаушы мемлекеттік қызметкерлер. Мемлекеттік тілді және ағылшын тілін аяқтаушы тыңдаушыларды қала

бек Мәметеков құттықтап, сертификаттарды табыс етті.

Сонымен қатар, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы С. Алматова республикалық ҚАЗТЕСТ диагностикалық тестілеуден өткені үшін қала әкімінің орынбасары Есламбек Мәметековке және мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Алмагүл Жұмабаеваға облыстық тілдерді дамыту басқармасының сертификатын табыстап, ыстық лебізін білдірді. Мемлекеттік тілді насихаттауға үлес қосып, мекеме қызметкерлерінің білім алуын ұйымдастырғаны үшін ішкі істер басқармасының бастығы, полковник Т. Жанғылшев-

басшысы, әділет майоры А. Батырбековты, ветеринария бөлімінің басшысы Б. Бекеновты, дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының басшысы Г. Елтебаеваны алғыс хатпен марапаттады. Мемлекеттік тілді оқып, қолданылуы мен дамуына үлес қосқаны үшін қазақ тілінің тыңдаушылары Екатерина Черкашинаға, Алиса Зейнешоваға, Батырхан Жұмабаевқа және ағылшын тілінің тыңдаушылары Ғалия Жақыбековаға, Ернарға Жанібекұлына алғыс хат табыс етілді.

Қазақ тілі курсын бітірген тыңдаушылар арасынан прокуратура басшысының орынбасары Азат Сағынаев пен «УК-161/12» мекеме бастығының кезекші

мағанбетов тілдерді оқыту орталығына ерекше ықыластарын білдірсе, ағылшын тілінің тыңдаушылары ішкі істер басқармасының бастығының орынбасары, полиция майоры Әскербек Хасенов және «Золотой ключик» балабақшасының тәрбиешісі Ғалия Жақыбекова үш тілде өз тілектерін жеткізді.

Жыл аяғында жарияланған Елбасымыздың халқына Жолдауында: «Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым мәңгілік ел болу үшін бізде бәрі бар», - дегендей, мәңгілік елімізде мемлекеттік тіліміздің мәртебесі арта берсін.

**Айкерім ЫБЫРАЕВА,**
**қалалық тілдерді оқы-**